




АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 3-4-5 (8266-8267-8268) Сейсенбі 6 қаңтар 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

Поздравление жкимд рйонд М. Шукеевд с Рождеством Христовым

Увдлеме прдвослвные!

Сердечно поздравляю прдвослвных христиди с большим и светлым прдздником-Рождеством Христовым!

Рождество вселяет веру, душевную радость и чистоту. Утог светлый прдздики озряет жизнь миллионов людей светом надежды и любви, учит проявлять милосердие и зботу по отношению к ближнему, поможет стуть гуманные и спрвдливее.

В ндшей стрне сложилось одиноково уважительное отношение ко всем религиям, призывающим человека к добру и милосердию, состраданию и любви.

Прдвослвие-однл из смых многочисленных конфессий. Русскя прдвослвня церковь вносит большой вклдд в укрепление мира и соглдия в ндшем обществе, рдзвитие блдгтворного диалога между госудрством и религиозными объединениями.

Вместе с прдствителями других конфессий прдвослвное духовенство и миряне приумножают богтствд стрны, укрепляют духовность и терпимость в ндшем обществе.

Рождество приносит радость в домд миллионов людей. Это время блдгтворительности и милосердия, искреннего внимния ко всем, кто нуждается в помощи и зботе.

Глвл госудрствд Мурсултн Абишевич Флзрблев неоднократно подчеркивал, что глвное достояние Кдзхстнл -это сплочённость и соглсие ндшего многонационального ндрода, формирующие основу кдзхстнлской госудрственности, являющиеся злгоном её стбильности.

В кднун Рождествя кдк никогд ясно осознлшь, что мир и покой нд родной земле звисят от ндс смых. Только вместе, объединив усилия, мы сохраним блдгполучение в ндшей стрне, сделаем её ещё боглче и крсивее.

Дорогие соотечественники! Поздравляю всех с Рождеством Христовым! Желю Фдм. крепкого здоровья, мира, спокойствия и блдгполучия!

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШАТТЫҒЫ

Жаңа жыл-алдағы күнге деген сенімді ұялататын шырайлы да шаттыққа толы мереке. Табалдырықтан аттаған қой жылын ең алдымен Рождество аралдары, Жаңа Зеландия мен Австралия халықтары қарсы алады екен.

Жұмыр жер бетін мекендеген адамзат баласына шаттық сыйлайтын Жаңа жыл мерекесін байзақтықтар да көтеріңкі көңіл күймен қарсы алды. Қызылды-жасылды шамдары жарқылдаған әсем безендірілген алып шыршаның маңына топтасқан жұртшылықты аудан әкімі М. Шукеев жаңажылмен құттықтады. Аудан басшысы өткен жылы қол жеткізген жетістіктерге, сондай-ақ, Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы басты

бағындырудың маңызына тоқталды.

Салтанатты құттықтаулардан соң жаңажылдық шара Ф. Мұратбаев және Қазақстанның 40 жылдығы атындағы білім ошақтары көркемөнерпаздарының мерекелік концертімен өрнектелді.

Қалың қауым ертегілер өліне де саяхат жасады, қойылымдарды тамашалады, Аяз Ата мен Ақшақар ортаға шығып, думан көрігін қыздырды, спорттық ойындар ойналып, жеңіп шыққандар жүлделерге ие болды.

аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әншісі М. Көпешов, "Үздік жыл дәрігері"- аталымына аудандық орталық аурухананың жандандыру бөлімінің меңгерушісі М. Мадимаров, "Мемлекеттік жекеменшік әріптестік-2014" - аудандық



міндеттерді іске асырудың маңызына тоқталды. Жаңа жылда, алдымен мемлекеттілігіміздің бастауы болған-Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Конституциямыздың қабылданғанына және Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толатындығын тілге тиек ете келе, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайту арқылы биік белестерді

Жаңажылдық мереке барысында аудан басшысы 2014 жылды қорытындылай келе, әр сала бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізген бір топ азаматтарға номинацияларды табыс етті.

Атап айтқанда, "Үздік жыл қызметкерлері-2014" аталым аясында "Үздік жыл мәдениет қызметкері" номинациясына

электр жүйелерін тарату мекемесінің бас инженері А.Жамишжанов, "Үздік жыл спортшысы" жаттықтырушы І.Жансақалов, "Үздік жыл мұғалімі"-ұстаз Ү.Сүгірбекова, "Әлеуметтік бизнес жауапкершілігі" тіс дәрігері А.Болшыбеков, "Үздік жыл кәсіпкері" аталымына кәсіпкер Р.Мамбетовалар ие болды. "Жаңажылдық безендіру" номинациясы бойынша жеңімпаздар болып танылған Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы, "Жан" дүкені, аудандық туберкулезге қарсы күресетін аурухана, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Сарыкемер ауылдық округі, жылжымайтын мүлікті тіркеу орталығы, аудандық электр жүйелерін тарату мекемесі, Гагарин атындағы орта мектебі, "Таза ауыл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Кәусар" шағын маркет орталығының ұжымдары аудан әкімінің Алғыс хатымен және сыйлықтармен марапатталды.

Сағат тілі 24.00-ді соққанда көздің жауын алатын отшашулар аспан төрінде түрлі ою-өрнектер салып, мерекешіл қауымды таң-тамаша етті.

Өз тілшіміз.

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ

БАЛАЛАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

«Жаңа жыл» мерекесі қарсаңында «Нұр Отан» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында партия Байзақ аудандық филиалының ұйымдастыруымен аудан орталығы Сарыкемер ауылында тұратын мүмкіндігі шектеулі Игенбай Кәусәр және Байназаров Берекеттің үйлеріне партия аудандық филиалының консультанты Әлібек Мырзабеков және аудандық филиалдың есеп және статистика бөлімінің меңгерушісі Қалдыбай Кусемисовтер барып, олардың тұрмыс-тіршілігімен танысып, Жаңа жыл мерекесімен құттықтап,

партия аудандық филиалының атынан балаларға киімдер мен Жаңа жылдық сыйлықтар табыстады.

«Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған «Кедергісіз келешек» жобасы шеңберінде ауданымызда мүгедек жандарға арнап Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік көмек көрсету бойынша іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қазақ халқы қашан да біреуге қол ұшын беруге, жәрдемдесуге дайын тұрады. Сол игілікті ұлы дәстүріміз әлі де ұмытылмай жалғасын табуда», - дейді аудандық партия филиалының консультанты Әлібек Мырзабеков.

Елбасы поштасынан

Астанада Жеткен жат

Үлгілі ауылының тұрғыны, ауданымыздың Құрметті азаматы Серікбаев Есіркеп ағамыз еліміздің бас мерекесі - Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Елбасымызды құттықтап хат жолдаған екен. Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы Махмұт Қасымбекөвтен келген жауап хатты оқырмандарға жеткізуді жөн көрдік. Онда былай делінген:

Құрметті Есіркеп Серікбайұлы!

Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, кезекті Жолдауына қолдау білдіріп, ақ батаңызды беріп жазған хатыңыз Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевқа таныстырылды.

Президент Сізге өзінің алғысы мен игі тілектерін жеткізуді тапсырды.

Батаңыз қабыл болсын, ұзақ өмір сүріп, тіршіліктің қуанышы мен қызығына кенеле беріңіз.

**Махмұт Қасымбекөв,
Қазақстан Республикасы Президенті
Кеңсесінің бастығы.**

Жамбыл гидрометеорология орталығының қаңтар айына

болжамы



А.Алижанов,
Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігі «Казгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры.

Ауаның орташа айлық температурасы 4-14 °С аяз болады деп күтіледі. Бірінші онкүндікте ауаның температурасы түнде 11-16 °С аяздан, кей жерлерде 21 °С аяздан 6-11 °С аязға дейін, күндіз 6-11 °С аяздан, кей жерлерде 4 °С жылыға дейін ауытқиды.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауаның температурасы түнде 6-11 °С аяз, кей жерлерде 16 °С аяз, күндіз 1-6 °С аяз, кей жерлерде 4 °С жылы болуы ықтимал. Ары қарай ауа температурасы – түнде 22-27 °С аязға, кей жерлерде 32-37 °С аязға дейін, күндіз 16-21 °С аязға, кей жерлерде 26 °С аязға дейін төмендейді.

Үшінші онкүндікте ауаның температурасы түнде 8-13 °С аязға, кей жерлерде 18-23 °С аязға дейін, күндіз 2-7 °С аязға, кей жерлерде 12 °С аязға дейін біртіндеп жоғарылайды. Ары қарай – ауа температурасы түнде 13-18 °С аязға, кей жерлерде 23-28 °С аязға дейін, күндіз 7-12 °С аязға, кей жерлерде 17 °С аязға дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері қалыпты мөлшерден төмен (мөлшері: 9-42 мм) күтіледі.

Екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында кей жерлерде қар жауады.

Бірінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында кей жерлерде тұман күтіледі.

Екінші онкүндіктің ортасында кей жерлерде көктайғақ болады.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУДЕ

(Соңы. Басы 10,11,12-беттерде).

15. О.БАЙДАУЛЕТОВ, САЗТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ.

Сазтерек ауылдық округіне қарасты үш (Абай, Ақтөбе, Жаңасаз) елді мекен бар. Осы елді мекендерде 305 аула, 1761 тұрғын бар.

Ауылдық округ аумағында бір орта мектеп, екі бастауыш мектеп, Абай ауылында дәрігерлік амбулатория, «Айгөлек» бала бақшасы, Абай ауылдық клубы және кітапхана бар. Осы аталған мекемелер ауылдық округке қызмет етуде.

2014 жылы «Әңгірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша Республикалық трансферттен 1374 мың теңге қаражат бөлініп, ауылдағы қариялар мен қауымдастық мүшелерімен бірлесе отырып Абай ауылының Сармық және Жаңасаз көшелерін жарықтандыруға 505,24 мың теңге, Сармық және Жаңасаз көшелерін ағымдағы жөндеуге 568,76 мың теңге, Абай, Ақтөбе, Жаңасаз елді мекендеріндегі кездейсоқ күл – коқыс тазалауға 300,0 мың теңгені бөлуге бірауыздан келістік. Осы жұмыстарды арнайы веб порталға беріп, жеңімпаздармен келісім шартқа тұрып жұмыстар істелінді. Осы қаражаттардан үнемделген қаражат жарықтандырудан 5200 теңге, жол жөндеуден 118,800 мың теңге, коқыс тазалаудан 52 мың теңге барлығы 176,0 мың теңге қаражат қыркүйек айында қайтадан веб порталға берілді. Ақтөбе ауылдағы мектепке баратын жол және Қарабақыр көшесіне аудандық бюджеттен қаражат бөлініп тас жол төселінді.

Ауылдық округте 305 аула бар. Оның 257 ауласы мал ұстайды. 2013 жылы мемлекеттен берілген 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын 47 отбасы алады, оның ішінде 4 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады.

Ауылдық округте 624 орындық 1 типтік мектеп, 2 бастауыш мектеп бар. Осы мектептерде 322 оқушы білім алуа. Абай орта мектебіне Ақтөбе, Жаңасаз, Көлқайнар елді мекендерінен 63 оқушы тасымалданады. Ақтөбе бастауыш мектебіне бюджеттен 6,5 миллион теңге бөлініп, мектептің төбесі толығымен ауыстырылды, есігінің алдына брусчатка төселініп, сыртын әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

“Жасыл ел” бағдарламасы бойынша округ аумағында 5 га алма ағашы отырғызылған осы алма бақтың айналасына қарағаштар отырғызылып күтіліп бапталуда.

Округ аумағында шағын кәсіпкерлік негізінен ауылда магазиндер жұмыс істеді. Абай ауылында 4, Ақтөбе ауылында 1 сауда нүктесі бар. Барлығы салық комитетінде тіркелген

Ауылдағы шаруа қожалықтарының 2014 жылғы еккен егістігі мен алынған өнімдері: Күздік бидай 570,3 т. Жаздық арпа 589,55 т, жүгері 10 т, бақша 5 т, көп жылдық шөп 593 т. Осы егістік жерді пайдалану мақсатында «Бапыш-Сейсенбай» шаруа қожалығы мемлекеттен 1,2 мың теңге, «Аида» шаруа қожалығына 2,0 жүз мың теңге субсидия төленді. Малдың тұқымын асылдандыру мақсатында мына төмендегі шаруа қожалықтарға субсидия төленді.

Ауылдық округ бойынша 2254 бас ірі қара, 15783 бас қой-ешкі, 961 бас жылқы, 40 бас түйе құрап отыр.

Сазтерек ауылдық округі бойынша малын асылдандыру мақсатында «Бапыш-Сейсенбай» ш/к 5500 бас қазықты қышқықты құйрықты қойын асылдандырып Әулие көл тұқымды ірі қара және қазықты жылқыларын асылдандырып өсіруде. «Ақша», «Дән», «Алмас» шаруа қожалықтары «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несие алып, өз істерін дамытуда.

16. А.АМИРОВ, ТЕМІРБЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ.

Темірбек ауылдық округі аумағында үш (Тегістік, Сарыбарак, Шахан) елдімекендер орналасқан. Жалпы халық саны -2174 адам. Ауылдық округ аумағында екі орта мектеп, бір негізгі мектеп, бір бала бақша бір АДА, бір ФАП, бір ФП және бір кітапхана ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде. Қазіргі таңда барлық мекемелер жылы қыстық отындары толық жеткілікті.

Ауылдық округке «Әңгірлерді дамыту» бағдарламасына сәйкес, 2014 жылы 2,8 млн. теңге қаражат бөлінген.

1. Бөлінген қаражаттың 880 мың теңгесі ауылдық округке қарасты Тегістік ауылының Сарманкүл көшесі, Сарыбарак ауылының Қарсақбаев көшесі және Шахан ауылы бойынша Мәтінкүл көшелеріне түнгі жарық қондырғылары орнатылды.

2. Ауылдық округ аумағында орналасқан Шахан, Сарыбарак және Тегістік ауылдарының тазалық яғни, күл – коқыс шығару жұмыстарына 562 мың теңге қаражат жұмсалып, күл – коқыстар тиісті орындарға тасымалданып сыртқа шығарылды.

3. Жол жөндеу жұмыстары бойынша Шахан ауылының К.Әзірбаев көшесіне тас жол салынып, оған 645 мың теңге қаражат жұмсалып, тас жол салынып бөлінген қаражат толығымен игерілді.

Ауылдық округке «Әңгірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 2015 жылы 2,52 миллион теңге қаражат бөлу жоспарланған. Бұл бөлінген қаражатқа ауылдық округке қарасты Шахан ауылында орналасқан М.Әуезов орта мектебінің сыртқы абаттандыру жұмыстарына жоспарланып, қазіргі таңда жобалық сметалық құжаттары дайындалып тиісті мекемеге өткізілген.

Ауылдық округтегі тұрмысы төмен отбасылардың әлеуметтік жағдайы зерделеніп, округ бойынша 45 отбасына 18 жасқа дейінгі мемлекеттік жәрдемақы, 1 отбасына әлеуметтік көмек және 3 отбасы «Өрлеу» бағдарламасы аясында жәрдемақыларын алып отыр. Сонымен қатар үш отбасы «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламасы бойынша аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 3 миллион теңгеден несие алып, бүгінгі таңда ол қаражатқа мал сатып алып өз істерін дамытуда.

Ауылдық округ аумағында 82 шаруа қожалығы тіркелген. Олар негізінен егін шаруашылығымен айналысып, 24-і мал өсіруде. Сонымен қатар ауылдық округке қарасты үш елді мекендерде дербес шот бойынша 375 отбасы тіркелген. Ауылдық округ бойынша шаруа қожалықтар мен ауыл тұрғындары 1800- бас МІҚ , 466 - бас жылқы, 685 - бас түйе және 16700 - бас қой-ешкі малын өсіруде.

Темірбек ауылдық округі бойынша сарып ауруының алдын алу мақсатында округке қарасты ауыл тұрғындарының, шаруа қожалықтардың және малды ауылдардың малдарынан жекелеп лабораториялық тексеруге қан алынып, тексерілген. Тексеру барысының қорытындысына сәйкес, он нәтиже көрсеткен 131 бас қой және 3 бас сиыр малдары жойылды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарына, шаруашылық басшыларына

ауру малдың белгілері білініп жатқан жағдайда ауылдың мал дәрігеріне айтулары керек екендігі және ауру малдан адамға жұғуы туралы түсінік беріліп, сақтық шараларын қолданулары керектігі ескертілген. Егін шаруашылығымен айналысқан шаруа қожалық иелері биылғы жылы еккен өнімдері үшін субсидияларын толық алды.

Ауылдық округінің әкімі аппараты бойынша 2014 жылғы орындалуға тиісті жоғарғы органдардың кесімдері мен аудан әкімдігінің бақылауға алынған қаулыларына сәйкес, округ бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде аудан әкімі аппаратына, аудандық мәслихатқа және тиісті мекемелерге барлық мәліметтер уақтылы тапсырылды, және заңды түтіңалармен жеке түлғалардан келіп түскен өтініштермен арыз шағымдарға уақтылы жауабы беріліп толығымен орындалды.

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңына сәйкес, ауылдық округ аумағында орналастырылған көрнекі (жарнама) үгіт құралдарының ереже талаптарына сай жаңғыртылып орналастырылған.

Ауылдық округ бойынша жер, мүлік салықтары толық 100 пайыз жиналып, тиісті мекемеге өткізілді.

17. Қ.ШАЛБАЕВ, ЖАНАТҰРМЫС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ.

Ауылдық округ бойынша барлық аула саны - 615, тұрғындар саны 4140.

Ауылдық округ аумағында ірілендірілген 1-Аманкелді шаруа қожалығы, 232- ұсақ шаруа қожалықтары бар. 1-әскери бөлімшіс. 1-Ақшалақ темір жол станциясы, 1-Кайнар разъезді, 2-мұнай базасы және 1 құрылысы аяқталуға жақын мұнай базасы, 1-Тараз орман кәсіпорны, 1-Байзақ орман шаруашылығы, 1-Аманкелді су пайдаланушылар кооперативі, 1-байланыс бөлімшесі, 1- АТС станциясы бар. 5-жанар-жағар май станциясы, 16-қоғамдық тамақтандыру орны, 38-азық түлік сааттын сауда дүкендері бар.

Білім беру саласы бойынша 5 мектеп: Аманкелді, Жанатұрмыс, Ақшалақ, Королевка және Тегістік бастауыш мектептері жұмыс істейді. Аманкелді орта мектебіне жеке тұлга Өмірәлиев Расылхан Қайнар және Тегістік ауылдарынан 46 оқушыларды тасымалдайды және тасымалдауға 890000 мың теңге қаржы аударылды. Бұл оқушыларды тасымалдау қаражаты аудандық бюджеттен қарастырылған.

Ауылдық 2 кітапхана бар, Аманкелді кітапханасында – 9925 кітап қоры болса, Ақшалақ ауылдық кітапханасында – 5445 кітап қоры бар.

1 қазақша күрестен және үстел теннисінен спорттық үйірме жұмыс істеп тұр, бұл үйірмеге Көкбастау, Төркекелді, Жібек жолы және Жаңатұрмыс ауылдарынан жасөспірімдер келіп күнделікті қатысуда.

Округта 2 мектепте жабық спорт зал және әрбір ауылдарда футбол ойынайтын ашық алаңдар бар. Сонымен қатар 1 – Көкбастау көкпар командасы бар. Олар аудандық көкпар командасының намысын қорғайтын осы ауылдың жігіттері.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 1 жануарлық дәрігерлік емханасы, 4 фельдшерлік тірегі және әскери бөлімшесі 1 санитарлық пункт бар. Жалпы округ бойынша 2013 жылы 98 сәби дүниеге келсе, 2014 жылы 110 сәби дүниеге келді. Былтырғымен салыстырғанда 12 еліне артық туылды.

Барлық жер көлемі ішінен шаруа қожалығына бөлініп берілгені- 4786,5 га, оның сурмалалысы -2520,2 га, тәлімі - 2266,32 га, шабындық жері -179 га, жайылымы - 2743 га. 2014 жылдың көктемінде егілген жер көлемі - 4544 га, оның ішінде күздік – 650 га, арпа – 450 га, жүгері – 200 га, картоп – 30 га, майлы дақылдар – 460 га, жоңышқа -2445 га, көкөніс - 439 га, бақша – 500 га.

Мүйізді ірі қара малдары - 1875, оның ішінде: аналық басы - 1280, қой-ешкі - 13350, оның ішінде: аналық басы - 8500, жылқы - 750, оның ішінде: аналық басы - 380, құс -10600, оның ішінде : мекені 8617.

Жер салығы - жоспар бойынша 276283 теңге, орындалу пайызы 109, мүлік салығы жоспар бойынша 60838 теңге орындалу пайызы 102, көлік салығы- 110 пайыз.

2014 жылғы баспасөзге жазылу барысы жоспар бойынша - 372, орындалғаны - 372.

2014 жылы 104 жасөспірім әскер қатарына шақырылып, соның 16 жасөспірімі кетті.

Жұмысқа жарамды жұмыс жасындағылар 1971 адам, оның ішінде белсенді халық -1971. Экономика салаларында жұмыс істейтіндері 1801, оның ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар -1006, жұмыс іздеуші өкілетті органға тіркелгендер 17 адам. Жыл бойы ақылы қоғамдық жұмысқа тартылғандар саны 17 адам. Жастар тәжірибесі бағдарламасы бойынша арнаулы және жоғары білімдері бар 2 жас мамандар 6 ай бойы әр елді мекенде жұмыс істеді, олардың әрқайсысына 28900 теңге айлық төленді. Тұрмыс деңгейінен төмен отбасылар-12, округ бойынша 34 отбасына қайырымдылық көмек көрсетілді. Атап айтқанда: ақшалай, заттай, киімдей, азық –түліктей көмек берілді. Бір ғана мысал : Қайнар ауылдағы «Отырар» кафеінің иесі кәсіпкер Жабатаева Ләззәт 1 қазан қарттар мен мүгедектер күніне байланысты округтегі мүгедектерге 70000 теңгеге көмекке заттай, киімдей, азық түліктей және 9 мамыр Женіс күні мерекесіне жыл сайын ардагерлер мен ардагерлердің жесірлеріне бағалы сыйлықтар беріп, дастархан мәзірін жасап береді. Сонымен қатар жыл сайын жаңа жылда 5-10 көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларының балаларына киімдей және сыйлықтай демеушілік көрсетіп отырады.

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға төленетін жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек» жәрдемақысы 2014 жылға:

- I-тоқсанда 66 отбасыға, II-тоқсанда 76 отбасыға, III-тоқсанда 65 отбасыға, IV-тоқсанда 55 отбасыға 18 жасқа дейінгі, ал атаулы әлеуметтік көмек – 3 отбасыға төленді.

«Өрлеу» жобасы бойынша 6 отбасы шартты ақшалай көмек алып, 6 адам жұмысқа тартылды.

Округ бойынша 193-зейнеткер, 59-мүгедектер, 18-асыраушысынан айрылғандар, 4-ауған соғысына қатысушылар, 106-көп балалы аналар, оның ішінде 55 -Алтын алқа, 51- Күміс алқа иелері 92 – ана 18 жасқа дейінгі өздеріне тиесілі зейнетақысы мен жәрдем ақысын алып тұрады.

“Жасыл ел” бағдарламасы бойынша былтырғы жылы көлемгі ауыл аймақты көріктендіру, көгалдандыру және тазалық айлығында ауылдық

округ бойынша 1800 түп әр түрлі тал-дарактар егілді.

2014 жылы«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша жол бойы сервистік қызмет көрсетуге “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” автомагистралі бойынан өз кәсібін жүргізу үшін жеке кәсіпкерлер Қойшыбаев Марс 180,0 млн. теңгеге және Жабатаева Ляззат 22,5 млн. теңгеге несие алып, құрылыстарын жүргізіп жатыр.

«Шалбай әулеті» шаруа қожалығы (төрағасы У.Шалбаев) белгіленген бизнес-жоспары бойынша шағын несие алып, ірі қара мал басын көбейтуде және инфрақұрылымға күн сәулесінен және желден электр энергиясын алатын қондырғы орнатып, қазіргі уақытта электр жарығын пайдаланып отыр. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша “Агронесие” корпорациясы арқылы (АКК) «Рахима» шаруа қожалығы (төрағамы Р.Медеуова) 9,0 млн.теңге несие алып, асыл тұқымды ірі қара мал басын көбейтуде.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша «Күлериев» және «Қуат» шаруа қожалықтары тиісті құжаттарын өткізіп қойған, бұлар да “Агронесие” корпорациясы арқылы несие алып, қол шаруашылығымен айналыспақшы.

2014 жылы «Әңгірлерді дамыту» бағдарламасына сәйкес 3191000 теңге бөлінді, атап айтқанда:

- бұл қаражаттың 1100000 мың теңгесіне Ақшалақ ауылына электр желісін жүргізіп және трансформатор орнатылды. Бұл жұмысты жеке кәсіпкер «Берік» атқарды.

- Жеке кәсіпкер «Оралбаев» Көкбастау ауылының Құрманбаев және Шалбайұлы көшелеріне және Жібек жолы ауылының Қонаев көшесіне көше жарықтарын 990000 мың теңгеге жүргізді.

- Көкбастау ауылының жаңа 2 көшесіне шағал төсеуге 580000 мың теңге жұмсалды. Бұл жұмысты жеке кәсіпкер «Әбдіқазиева» атқарды.

- Тегістік және Төркекелді ауылдарына көше жарығын жүргізуге 521000 теңге жұмсалды.

Жеке шетқа қаржы түсіру бойынша:

- сыртқы жарнамадан – 111,1 мың теңге; - өз еркімен жарнаға қаржы түсірген – 3,0 мың теңге; - арендадан – 46,6 мың теңге қаржы түсті.

18. Б.ҰКІБАЕВ, КӨКТАЛ АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ.

Қазақстан бүгінде экономикалық жағынан жан-жақты жаңғырған іргелі , өркеннетті елдердің қатарына еніп отыр. Елімізді алға бастаған барлық жемістіктеріміздің көпбашысы болған тәуелсіз мемлекетіміздің Президенті Н.Назарбаев өзінің «Нұрлы жол –болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында ең алдымен, халықтың жұмысын, оның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды көздеп отыр.

Ауыл тұрғындарының балаларына білім беруде және тәрбиелеуде бір орта мектеп, бір бала бақша қызмет көрсетіп келуде, мектепте 723 оқушы болса, бала бақшада 180 тәрбиеленушілер бар, оларға 109 оқытушылар мен тәрбиешілер білім беруде.

Ауыл тұрғындарын азық-түліктермен қажетті тауарларды қамтамасыз етуде 7 жеке дүкен және 1 дүңгіршек қызмет көрсетуде.

Ауылда 20 шаруа қожалығы, «Жамбыл Құс» ЖШС, Керемік шағал ЖШС болса, халық денсаулығын сақтауда АДА, ауыл мәдениетін жақсартуда Мәдениет үйі, зейнеткерлерге зейнетақы, тұрмысы төмен отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы, тұрғындарға газет-журналдарды тарқатуда пошта торабы, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алуда уәскелік инспектор тірек пункті, ауыл тұрғындарының жеке малдарын емдеу және егу мақсатында ветеринариялық пункт, жастармен жұмыс алып баруда жастар орталығы жұмыс атқаруда.

Көктал ауылы қалаға жақын болғандықтан тұрғындардың көпшілігі Ауыл береке, Орталық базарларда жұмыс істеп өздерін жұмыспен қамтуда, ал көптеген азаматтармен азаматшалар өзбетінше жұмыстарда істеп табыс табуа.

Қазіргі күнде тұрмыс жағдайлары төмен 57 отбасына 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдем ақы 1 отбасына атаулы әлеуметтік жәрдем ақысы берілуде, «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 8 адам жұмыс істеді.

2014 жылда Көктал ауылының ОША – да орналасқан 201 үшкесіндегі үйлерге газ құбыры тартылып, қазіргі күнде 60-65 үй көгілдір отын пайдаланып отыр.

Ауылдағы 20 шаруа қожалықтары дәнді дақылдар, көкөністер, бау-бақшалар егіп, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде.

Ал «Жамбыл Құс» ЖШС-і фабрикасы тауық өсірумен шұғылданып келсе, «Керемік шағал» ЖШС-і шағал тас өндірумен шұғылданауда.

Қазіргі күнде ауылда 890 бас мүйізді ірі қара, 170 бас жылқы, 2150 бас қой мен ешкі, «Жамбыл Құс» фабрикасындағы құстарды қосқанда 94000 бас құс бар, олар бірдейлендіріліп, компьютерлік базаға енгізілген. Ірі қаралар мен жылқыға, қой мен ешкілерге сырғалар салынып, барлық түрдегі малдар өз уақытында ветеринариялық бақылаудан өткізіліп, вакцинациялар салынып.

Көктал ауылының жер көлемі 1513 га, содан 400 га жер ауыл шаруашылық жері яғни, егістік жерлер.

Ауылда 650 отбасы саны құралып, халық саны бүгінгі күнге 3139 адамға жеткен, олар түрлі ұлт өкілдері, қазіргі күнде бірліктің туын жоғары көтеріп, ынтымақта тұрмыс жасауда. Ауыл тұрғындарынан өз уақытында мүлік және жер салықтары түсімдері жиналып, оның көрсеткіші төмендегіше болды.

Салықтың түсу болжамы 220,0 мың теңге, нақты түскені 302,4 мың теңгеге орындалды.

Көктал ауылында облыс және аудан әкімдерінің тікелей ықпалымен жобалық-сметалық құны 90,668 млн теңгені құрайтын 25 орындық күндізгі стационарлық дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталып қызметке берілді.

2014 жылдың 1 тоқсанында өткен есеп беру кезінде жиналысында ауыл тұрғындары тарапынан бірнеше ұсыныстар келіп түскен болатын. Осыған сәйкес атқарылған жұмыстар: Көктал ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайы 2015-2016 жылы шешілдеі, ал балабақшаға дейінгі жолды асфальттау 2014 жылы жоспарға қойылып, аяқталды. Ауыл аумағындағы қоқыстар жойылып, «Саялы» балабақшасын жылыту жүйесіне қосу жұмысы бойынша проектілік-сметалық құжаты дайындалып, аудандық бюджеттік жоспарлау бөліміне өткізілді. Ауылдың онтүстік-шығысында жалғасқан мазаратты қоршау жұмыстары, ауыл ақсақалдарының басшылық жасауымен аяқталды.

2014 жылға «Әңгірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2 416 000 теңге қойылған болатын. Ол ауылдың онтүстік шығыс аумағындағы көшелермен «Степной, Т.Айбек» көшелерінің жалғасындағы көшелерге 1 км 998 м шағал тас төсеуге жұмсалды.

МӘУЛІТ МҮБӘРАК БОЛСЫН!

Рамиз Азизов, “Байзақ баба” мешітінің бас имамы.

“Мәуліт” сөзі араб тілінен аударғанда «туылған» деген мағынаны білдіреді. Яғни пайғамбарымыз (с.ғ.с.) нұжра жыл санауы бойынша Рабиуұл-аууәл айының 12-сі, дүйсенбі күні дүниеге келген. Құран Кәрімде Алла тағала өзінің соңғы Елшісі жайында: «Біз сені бүкіл әлемге рахым етіп қана жібердік» деген еді («Әнбия» сүресі, 107-аят). Ал бұл ақиқатты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деп көрсетеді: «Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім».

Мәуліт – бүкіл әлем ынтыға күткен Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)дүниеге есігін ашқан күні. Бұл ерекше мереке болғандықтан, қазіргі таңда бұл мейрам көптеген мұсылман елдерінде Египетте, Түркияда, Пәкістанда, Үндістанда және көптеген араб елдерінде кеңінен атап өтіледі.

Алла тағала «Ахзаб» сүресінің 56-аятында: «Әлбетте Алла да, Оның періштелері де пайғамбарға (Мұхаммедке) салауат (дұғасын) айтады. Ей, мүминдер! Сендер де Оған (Алла елшісі Мұхаммедке) салауат және сәлем жолдаңдар» деп бұйырады. Демек, Алланың Өзі де, періштелері де пайғамбарға арнап салауат айтады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Нағыз сараң – жанында атым аталған кезде, маған салауат оқымаған» деген.

Алланың елшісі адамзат баласына Алланы танытып, ақ пен қараны, дүние мен ақыретті, тозақ пен жұмақты айыра көрсетіп, адамдықтың асыл қасиеттері мен құндылықтарын үйреткен де ол еді. Және бір хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім маған бір рет салауат айтса, Алла тағала оған он салауат айтады ыәм он күнесі кешіріліп, дәрежесі он есе көтерілмек» дейді. Расында пайғамбарымызға салауат айтқан сайын Алла бізге он рет салауат айтады ыәм он күнәмізді кешіріп, дәрежемізді он есе көтере түседі екен. Мысалы, Жалалуддин әс – Суюти (р.х.): «Бір үйде немесе мешітте пайғабарымызға (с.ғ.с.) мәуліт оқылса, сол үйдің немесе мешіттің адамдарын періштелер орап алады. Олардың барлығына Аллаһтың рахметі болады. Себебі, періштелер пайғамбарымызға (с.ғ.с.) мәуліт оқылғаны үшін ол адамдарға салауат айтып тұрар» десе, Жүнайд Бағдади: «Кімде-кім пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мәулітіне қатысып, оны ұлықтаса, ол шынында да иманды» деген. Ислам ғұламасы әл-Хафиз ә